**Мектептегі тамақтану сапасын тексеру мақсатында мониторинг комиссиясын мен бракераждық комиссиясының мектеп асханасының жұмысын жүргізу жөніндегі отырысының**

**_3_ хаттамасы**

«23» қараша 2021

**Қатысты:**
Комиссия төрайымы- мектеп басшысы А. Бекбаева
Мүшелері- ДТІЖО Р.Ж.Саденова
Әлеуметтік педагог З.Е.Есебаева
Медбике А.У.Кусаинова
Ата-аналар комитетінің мүшесі –М.К.Мусалимова

**Күн тәртібінде**:
1. Мектеп асханасының жұмыс жағдайын тексеру.

**Тыңдалды:**
1.Мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Ж. Саденова сөз сөйледі.

Бастауыш сынып ата-анасы оқушылардың мектептегі тамақтануын бақылау мақсатында тексеріс жүргізілді.

Жалпы ата-ана өзінің баласының қандай және қалай тамақтанатынын көру болды. Тексеріс кезінде асхананың жылы, таза, тамақ дайындайтын және тамақтарды сақтайтын орындардың барлық талаптарға сай екендігін байқады. Сондай-ақ кезекші мұғалімдердің әр үзіліс сайын келіп өз кезекшілігін атқаратындығын корді. Сонымен қатар асхана қызметкерлері оқушылардың алдын ала берген сұраныстары бойынша тамақтарды үзіліске біраз уақыт қалғанда жасап қоятындығын да өз көздерімен көрді.

Бірақ өкінішке орай барлық балалар ыстық тамақ ішпейді. Тексеріс соңында ата-аналарға тамақтың құнарлылығын өздері дәмін татып көру ұсынылды. Ата-аналардың байқағаны тағамның дәмді екендігін, бірақ көп балалардың ішпегенін байқады. Ең соңында, олар мектеп асханасының тамағы үйдің тамағындай болмайтынын айтты.

**Шешім:**
1. Балаларға беріліп жатқан тағамның сапасына көп көңіл аударуды және дәмді болуын үнемі қадағалау ұсынылды.
2. Алынатын шұжықтың халал болуын қадағалау керектігін айтты.
3. Өнім сапасын бақылау және сертификаттарының мерзімі мен өнімдерді сақтау шарттарын бақылауда ұстау.

Төрайымы А.Т. Бекбаева
Хатшы З.Е.Есебаева

**Таныстым:**
ДТІЖО Р.Ж.Саденова
Әлеуметтік педагог З.Е.Есебаева
Медбике А.У.Кусаинова
Ата-аналар комитетінің мүшесі –М.К.Мусалимова